



● ЭЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ – ЕҢБЕК

«Еңбек Даңқы кітабы»

эстафетасы бастау алды

Нұрболат
МЕШТБАЕВ

Бұған дейін оқырмандарымызды «Қостанай облысының Еңбек Даңқы кітабы» эстафетасының басталатыны жайында ақпараттандырған едік. Енді, міне, сол игі шара алдымен Меңдіқара ауданын-

да, Харьков ауылында өткізіліп, меңдіқаралықтар эстафетаны Аманкелді ауданына салатанатты түрде табыс етті.

Іс-шараны ұйымдастыруға тікелей бастама көтерген облыс әкімі Нұралы Садуақасов болатын. Негізгі идея – жастардың санасына адамгершілік және патриоттық рухты қалыптастыру, Еңбек адамының бейнесін көр-

сету, қазіргі һәм болашақ құндылықтарды бағалау, аға буын өкілдеріне, еңбек ардагерлеріне деген құрметті арттырып, жауапкершілікке үндеу, мақтаныш сезімін ояту болып табылады.

СУРЕТТЕ: салтанаттан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● МЕГА-ЖОБА

Қытайлықтар көгілдір отынмен қамтымақ

Жұматай
КӨКІМЖАНОВ

Тобыл өңірінде табиғи газды сұйылтатын зауыт тұрғызылмақ. Құны 15 млрд. теңгеден асып жығылатын мега-жобаны қытайлық компания жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Қарқынды істі қолға алған «Синьцзян Гуанхуэй Петролеум» жауапкершілігі шектеулі бірлестігінің өкілдері облыс әкімі Нұралы Садуақасовпен жүздесіп, жұмыс жоспарын талқыға салды.

Қытайлық компания сұйық отын әзірлеу кешенінің құрылысын 2016 жылы бастамақ ниетте. Жоба бойынша, бастапқы кезеңде 100 млн. м³ отын өндіру жоспарланған.


Одан кейінгі кезеңде жылына 300 млн. м³ отын сұйытылатын болады. Облыс әкімімен осы мәселені талқыға салған «Синьцзян Гуанхуэй Петролеум» ЖШБ директорының орын-

басары Ван Джантин мен компанияның Қазақстандағы коммерциялық өкілі Толкын Вали Қостанайда құрылатын жаңа зауыттың атауына тоқталды.



● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ



Жүрсең көре бересің, көрсең біле бересің. Қай жағынан атып шыққанын аңдамадық, қаламыздағы Әл-Фараби даңғылымен "Land Cruiser" джипі жүйткігеннен жүйткіп Алтынсарин көшесінің бұрылысында бағдаршамға тоқтап тұрған жолаушылар автобусын келіп соқты. Байқасақ, автобустың артқы "белі" болар-болмас майысқаны болмаса, айтарлықтай бүлінгені шамалы. Ал джиптің

Оңай олжа

алдыңғы тұмсығы "бұзылып", бір жақ үлкен "көзі" ағып түскен. Джиптің ішінен шыққан өндірдей жап-жас қазақ қызы көлігінің жүзін көріп:

– Ех, көкеме проблема болады енді, – деп, қалта телефонын алып, әлдекімге қоңыраулата бастады. Бірақ, тым жайбарақат қалпы: – айттым, сәл үйрене тұрайын деп едім, болмадыңдар. "Мін-мін" – міндім, "саспа" дедіңдер, саспай тұрмын енді. Короче, вот, вам сюрприз! – деп, телефонға лақ еткізген еркеготай қарқыл күлкі. Бірінші рет өзінің апатқа ұшыраған ұр жаңа көлігіне риза болған адамды көрдім. Ешнәрсеге белі ауырып тұрған жоқ. Әкесі жуырда ғана мұның 18 жасқа келіп, туған күніне сыйлаған "Land Cruiser" екен. Қыз естідіңдер ме дегендей айылын жимастан аңқылдап айтып тұр. Ал автобустың жүргізушісі де бір жас жылпос екен. Мұны қызымыз оңаша шығарып сөйлескен еді, сәлден соң ойбай жолаушылар күтіп қалды деп томпаңдап, МАИды шақыртпастан түкте болмағандай ыржаң қағып кетіп отырды. Сірә, ақшамен дымын шығармады, дейді, куәгер-көргендер. Ана сүті аузынан кеппегендердің кепіетінен жан шошиды..

Университет ғимараттарының алдындағы көліктен көз сүрінеді. Көбі студенттердікі. Оны айтасыз, оқытушылар мен студенттер көлік қоятын орынға таласып жағаласып жатқанын да көрдік. Ал сол түбітмұрт, шөпжелке жастарымыз керек реферат, баяндама, т.с.с тапсырмаларды ғаламтордан дайын күйінде көшіріп алады. Көбіне курс жұмыстарын сатып алып, курстан-курсқа өтіп жүр. Қазір оқу орындарында қызып тұрған оқу емес – баға саудасы жасырын болудан қалды. Бірақ, көңіл қалатыны – қай жерге барсаңыз да көбіне – жан қинамай табыс

табу, оңай олжаға кенелу. Оңай олжаның да түр-түрі көбейген. Тіпті "КТК" телеарнасы "Оңай олжа" деген хабар ашып, жұртты қарық қылды. Қатысушы, өнші Нұрлан Еспанов: "Оңай олжа" десе, оңай олжа екен. Тек қана зыр жүгіріп жүріп, 1 сағаттың ішінде керекті затты алып үлгеру керек екен". Ол үшін студияда 5 сұраққа жауап берсең іс бітті. 1400 доллардың дүниесі сіздікі. Бәрі де су жаңа. Небәрі 8 күннің ішінде 16 отбасы "Оңай олжа" шоуынан пайда тапқан. Көбі аса қымбат ұялы телефон, тұрмыстық техника мен атақты дизайнерлердің киімдері. Несін айтасыз, дөңгеленген дүниені оңай көріп тұратындардың заманы ма.. Осындай да еске түседі:

Баяғыда бір бай баласына жұмыс істеп 100 теңге тауып кел деп жұмсайды. Еркеготай бала әкесінің көзін ала бере шешесінен ақша сұрап алып, әкесіне апарып береді. Әкесі мұны біліп қояды да, әкелген ақшаны жанып жатқан отқа тастай салады. "Бар тағы тауып кел" – деп қайта жұмсайды. Бірақ бала өдетіне салып, анасынан барып тағы ақша алып әкесіне береді. Әкесі тағы да ойланбастан кешегісін қайталайды. Не керек, бала үшінші рет анасына емес, бір шаруаға барып жалданып жұмыс істейді. Бірнеше күн өткесін еңбек ақысын алып әкесіне 100 теңге әкеледі. Бірақ әкесі тағы да ойланбастан отқа лақтырып жібергенде, бала жанұшыра жанып жатқан оттан жалаңаш қолымен ақшасын алып шығады. Сонда әкесі тұрып баласына: "Көрдің бе, балам, өз еңбегіңмен тапқан ақшаның қадірі осындай болады" деген екен.

Қазір жалаңаш қолымен лапылдаған оттан ақша суырып шығатын кісіні көрдіңіз бе? Көрген шығарсыз. Солар туралы айтайық та!

Қытайлықтар көгілдір отынмен қамтымақ

1-бет

Облыс әкімімен осы мәселені талқыға салған "Синьцзян Гуанхуэй Петролеум" ЖШБ директорының орынбасары Ван Джантин мен компанияның Қазақстандағы коммерциялық өкілі Толкын Вали Қостанайда құрылатын жаңа зауыттың атауына тоқталды. Пікірлерін ортаға салған билік пен бизнес өкілдері өндіріс ошағын "Қостанай СПГ" деп атауды жөн көріпті.

Жобаның техникалық-экономикалық бағыты айқындалып, жүзеге асыру жолдары қарастырылуда. Ал, Қостанай қаласының әкімдігі жаңа зауытқа қолайлы жер телімін таңдап жатыр. Облыс әкімі Нұралы Садуақасовтың пайымдауынша, Қостанайда көгілдір отынды сұйыту көптеген мәселені шешуі тиіс. Атап айтар болсақ, отын өзімізде өндірілген жағдайда, газ құбырын тарту мәселесі өздігінен шешіледі. Аймақты көгілдір отынмен қамтамасыз етуде, осы мақсатта қыруар қаржы кететінін айта кеткен жөн. Жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдарысы қазақ елін де қос бүйірден қысқан тұста, көгілдір отынды сұйытып жеткізу – бюджеттің қыруар ақшасын үнемдейді. Сондай-ақ, аймақты газбен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаның жылдам әрі арзан жүргізілуіне сеп болмақ. Мұның үстіне, инвестициялық жобаны жүзеге асыруда қосымша жұмыс орындары пайда болып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсара түспек.

"Көгілдір отынды сұйыту жобасын жүзеге асырған жағдайда, облысымызды газдандыру бағдарламасы қарқынды жүзеге асырылатын болады. Отынның осы түрін өзге аймақтан тасып отырған облыс үшін, бағдарламаның берері мол", – деді қытайлықтармен келіссөз жүргізген аймақ басшысы Нұралы Садуақасов.

Жиын барысында, көгілдір отынды сұйыту зауытына қажетті шикізат бағасын төмендету мәселесі де көтерілді. Бұл үшін еліміздің Энергетика министрлігіне табиғи газдың құнын нақтылау



жөнінде хат жолданатын болды.

Бұған дейін, Қазақстан мен Қытай үкіметінің басшылары, Энергетика министрлігі, еліміздегі облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдерінің қатысуымен өткен жиында, Республика аумағында табиғи газды сұйылту зауытын тұрғызу мәселесі көтерілген болатын. Қазақ елін оңды-солды кезіп өткен қытайлықтар болашақ зауытқа Қостанай облысы ыңғайлы деген шешімге келіпті. Тобыл өңірі географиялық жағынан ыңғайлы. Зауыт осы өлкеде тұрғызылған жағдайда, көгілдір отынмен тек қостанайлықтар ғана емес, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары мен Астана қаласының тұрғындары да қамтамасыз етілмек.

"Синьцзян Гуанхуэй Петролеум" жауапкершілігі шектеулі бірлестігі Қостанай облысының көркеюіне өз үлестерін қоспақ ниетте. Атап айтқанда, өңірдің әлеуметтік ахуалына мән беріп, тұрғындардың жағдайының жақсаруына септігін тигізбек. Мұнан өзге зауыттың ауқымын кеңейтіп, өңірдегі жұмыссыз жүргендердің қатарын азайтуды жоспарлап отыр.

СУРЕТТЕ: кездесу кезінде.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

"Жаңару" қозғалысы жемқорлықпен күреседі

Шұға

ҚОҢҚАБАЙ

Өңірімізге сәрсенбі күні "Жаңару" жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы төрағасының орынбасары Әнуар Ильясова келді.

– Біздің мақсатымыз бір – ол қоғамда жемқорлыққа жол бермеу, кең етек жайып келе жатқан кеселмен жұмыла күресу. Мемлекеттің қаржысы қалай пайдаланылады, сол туралы біз бәрін бақылауға алып, айтамыз. Қай жерде жемқорлық фактісі бар. Біз тікелей "ана адам жемқорлық жасады" демейміз. Сонымен қатар, өздерінің шараларын жүзеге асыру керек, – дейді Әнуар Ильясова



журналистермен өткен баспасөз мәслихатында.

Еске сала кетсек, "Жаңару" жалпыұлттық қозғалысы 2013 жылы құрылды. Барлық өңірлерде филиалдары бар. Қозғалыс Елбасының жемқорлыққа қарсы күресте жүктеген тапсырмаларын іс жүзіне асыратын нақты міндеттерді іске асырады. Қозғалыстың төрағасы Оралбай Әбдікәрімов. Қозғалыстың құрамында Мұрат Әбенев, Ерман Мұқтаров, Боран Рахымбеков сынды азаматтар бар. Сондай-ақ, "Жаңару" қоғамдық қозғалысы жемқорлыққа қарсы журналистер клубын ашып отыр. Онда білікті тілшілер мен заңгерлер қызмет етеді. Занды белшеден басқандарды өшкере еткендер үшін арнайы интернет парақша да ашылған.

● БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Тамыз мәслихаты ұстаздарға не берді?

Шұға

ҚОҢҚАБАЙ

Сәрсенбі күні облыстық филармонияның күмбезді залында "Жаңа білім беру технологиялары, бағдарламалары, инновациялары және біліктілік тәсілі – мектепке ойдағыдай қадам" тақырыбында білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз мәслихаты өтті. Онда облыстық білім

басқармасының басшысы Әлия Төртқараева баяндама жасап, бүгінгі заман талабы оларға қандай міндеттер жүктеп отырғанын егжей-тегжейлі баяндап берді. Сондай-ақ, Тобыл өңіріндегі білім саласының былтырғы жұмыстары қорытындыланып, алдағы бағыт-бағдары айқындалды. Жиынға ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі Светлана Исмағұлова да қатысты.

8-бет



ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімов Қазақстандағы жаңа ақша-несие саясатына көшу туралы мәлімдеді

Қазақстанда инфляциялық таргеттеуге негізделген және ұлттық валютаның айырбас бағамын еркіндікке жіберуді қарастыратын жаңа ақша-несие саясаты енгізіледі, деп мәлімдеді бүгін ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов ҚР Үкіметінің селекторлық отырысында.

«ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі 2015 жылдың 20 тамызынан бастап, инфляциялық таргеттеу режиміне, валюталық дәлізді алып тастауға және айырбас бағамын еркіндікке жіберуге көшуге негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыруға кірісу шешімін қабылдады», – деді К.Мәсімов.

Сонымен бірге, Үкімет басшысы осы сәттен бастап теңгенің айырбас бағамы нарық сұранысы негізінде және іргелі ішкі және сыртқы макроэкономикалық факторларды ескере отырып қалыптастырылатынын айтып өтті.

«Бұл айырбас бағамы әлсіреуге қарай, сондай-ақ нығаюға қарай өзгеру мүмкін екендігін білдіреді, оны әлем экономикасындағы және ішкі валюта нарығындағы жағдай анықтайды», – деді Премьер-Министр.

Ол сондай-ақ, Ұлттық банк теңгенің айырбас бағамы деңгейін қалыптастыруға араласпайтынын, алайда елдің қаржылық жүйесінің тұрақсыздану қаупі туындаған жағдайда валюталық интервенция жүргізу арқылы ішкі валюта нарығына қатысу мүмкіншілігін өзіне қалдыратынын айтты.

К.Мәсімов айтып өткендей, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыру экономикалық саясаттың стратегиялық міндеттерін – отандық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақты өсіміне қол жеткізуге, инфляцияның төмен деңгейін сақтауға, жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және ел халқының әл-ауқатын жақсартуға жәрдемесетін болады.

Айырбастау пункттері жазаға тартылады

ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Қайрат Келімбетов сатып алу-сату бағамын түзеткені үшін айырбастау пункттерін жазалауға уәде берді.

«Бізде валюталық режимнің бір кезеңінен екіншісіне өту аясында барлығын біліп қояды. Бұны «ақпараттың жайылып кетуі» деп айтады. Осының арқасында бұрынғы инфрақұрылымның агенттері пайда табуға тырысады. Айырбастау пункттерінің осындай іс-қимылы өрескел әрекет. Олардың тәулік ішінде сатып алу-сату бағамын ауыстыруға құқығы жоқ. Біз осы жайында арнайы шешім қабылдадық. Кеше заң бұзушылыққа жол бергендерді анықтап отырдық және осындай әрекеттер жазасыз қалмайды», – деді ҰБ басшысы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, Ұлттық банк халық пен бизнес және банктер жаңа ақшалай-несиелік саясатпен қалай жұмыс істеуі тұрғысында ақпараттық-түсіндіру жұмысының кешенді бағдарламасын әзірлеп қойды.

«Біз банктермен кездестік. Сондықтан да барлығы болған жағдайды біліп отырды. Кездесу өткізгендер арасында ешқандай дүрлігу болған жоқ. Бұл тұрғыда айтарлықтай бірқалыпты және кезең-кезеңмен ауыстық деп ойлаймыз», – деді Қ.Келімбетов.



Жемқорлыққа жол жоқ

Рудный қалалық төтенше жағдайлар басқармасында жемқорлықтың алдын алуға қатысты арнайы дөңгелек үстел өтті. Шара барысында «Нұр Отан» партиясының Рудный қалалық филиалының жемқорлыққа қарсы тұру қоғамдық кеңесінің төрайымы Рысбике Сүймекова басқарма қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық, онымен күрес және алдын алу турасында

әңгімеледі. Сондай-ақ, партия өкілі жиналғандарға сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстар мен жауапкершіліктің түрлеріне де кенінен тоқталды. Сонымен қатар, мемлекеттік органда кез-келген қызметкер сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс жасаса, аталған мемлекеттік органның басшысы жауапкершілікке тартылатындығын да тілге тиек етті.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

«Өндіріс көлемі ұлғайып келеді»

Жанкелдин ауданының әкімі
Асқарбек Кенжеғарин осылай дейді

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Үстіміздегі жылдың алғашқы алты айындағы қорытынды бойынша Жанкелдин ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 132,1%-ға артқан. Яғни, жарты жылда 52,9 млн. теңге табыс түсіпті. Бұл туралы аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин журналистермен өткен баспасөз мәслихатында хабарлады.

Жалпы, шалғай өңірдің экономикалық көрсеткіштері жыл озған сайын сауығып келеді. Оны мына мәліметтерден байқауға болады. Мәселен, есепті мерзімде ауданға 137 млн. теңге инвестиция салыныпты. Оның жан басына шаққандағы индекс көлемі 117,5%-ға тең. Бұл көрсеткіш өткен жылы 112 млн. теңге болатын.

Аудан әкімінің сөзінше, өңірде қолға алынған барлық ауқымды жобалар шаруа қожалықтарының өз қаражаты есебінен тартылған. «Инвестицияның басым бөлігі ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталып отыр, – дейді Асқарбек Ахметбекұлы. – Өткен жылы индустрияландыру картасынан тыс 2 жоба ел игілігіне айналып, 300 млн. теңге игерілген болатын. Ал биыл құны 100 млн. теңгеден астам 2 жоба ұсындық. Мәселен, «Алмас» шаруа қожалығы құны 50,0 млн. теңге болатын бидай тазарту құрылымын салмақшы. Сондай-ақ, «Кошқодан» шаруа қожалығы 4000 тонналық бидай сақтайтын қойманы пайдалануға береді. Бұл екі жоба да алдағы қараша айына дейін іске қосылады».

Мемлекет басшысының өзі ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесін арттыруды ұдайы айтып жүр. Жанкелдин ауданында бұл істе де ілкімділік байқалады. Ауданда уақыт озған сайын шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының қатары өсіп келеді. Тағы да сандарға тіл бітірер болсақ, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда Торғайда кәсіпкерлікті өрістетуге бағытталған өрелі жобалардың көлемі 9,8 пайызға артыпты. Бұл ауданда күні бүгін 346 шағын кәсіпкерлік субъектілері тұрақты жұмыс істейді деген сөз. Бұл салада барлығы 567 адам еңбек етеді. Ағымдағы алты айда 260,0 млн. теңгенің өнімдері өндірілген.

– «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қолданысқа енгізілгені кәсіпкерлік құрылымның дамуына зор серпін берілді. Осы бағдарламаның бірінші бағыты «Бастауыш кәсіпкерлерді гранттық қаржыландыру» бойынша 3 жоба жүзеге асты. Пластикалық терезе шығару, кондитерлік және кулинарлық өнімдер пісіру, сүт өнімдерін шығару шағын цехтары іске қосылды. 12 жаңа жұмыс орны ашылып халыққа қызмет көрсетіп жатыр, – дейді аудан басшысы.

Жанкелдин ауданы мал шаруашылығын дамытуға аса қолайлы өңір. Сондықтан, мал басын көбейту ауданның маңызды стратегиялық бағыты болып есептеледі.

Торғайда мал тұқымын асылдандыру жұмыстары да белсенді түрде жалғасын тауып келеді. Негізі, ауданға қарасты жер көлемінің 90 пайызы жайылымдық жер. Бүгінде өңірде 121 шаруа қожалығы, 5 жауапкершілігі шектеулі серіктестік тіркелген. Олар барлығы 1 млн. гектардан астам жерді пайдаланып отыр. «Осыншама ұланғайыр аумақты тиімді пайдалануға тырысамыз. Жүргізілген сараптама қорытындысында мақсатсыз пайдаланылған жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылады. Биылғы жылы 15 мың гектарға жуық осындай жер мемлекетке қайтарылды. Керісінше, жыл сайын



малшаруашылығын дамытуға ниет білдірген тұлғаларға жер телімін беру жөнінде конкурс өткіземіз. Үстіміздегі жылы 170 мың гектар жер беріліп, жаңадан 3 шаруа қожалығы ашылды», – деді Асқарбек Кенжеғарин.

Соның арқасында Жанкелдин ауданында мал басы едәуір артыпты. Ауданда күні бүгін 34 826 қара мал, қой-ешкі – 87 288, жылқы – 9 529, түйе – 87-ге өскен.

Алғашқы жарты жылдықта торғайлық тауар өндірушілер 2775,8 тонна ет, 21 504 тонна сүт өндіріпті. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ет 1,7 пайызға, сүт 14,8 пайызға, жұмыртқа 5,9 пайызға артты.

Міне, осындай ілкімді шаралардың арқасында барлық шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі 2 млрд 868 млн. теңгеге жеткен. Яғни, өндірілген өнімнің нақты индекс көлемі (ИФО) 109 пайызға тең. Бұл жан басына шаққанда 210 мың теңгеден келеді дегенді білдіреді.

Мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасы бойынша аудан шаруалары 369 бас ірі қара мал сатып алуды жоспарлап отыр. Жанкелдиндіктер өткен жылы 245 ірі қара алған болатын. «Құлан» бағдарламасының орындалуы да көңіл қуантады. Осыған дейін қожалық иелері 30 жылқы әкелді. Ал «Алтын асық» бағдарламасының орындалуы 25 пайызға жеткен. Бүгінгі күнге дейін Жанкелдин ауданының фермерлері 200 қой сатып әкеліпті, енді тағы 600 қосқар ата тұқымын сатып алуды көздеп отыр. Аудан әкімінің сөзіне қарағанда, мемлекеттік бағдарламаларға қол жеткізу қиын көрінеді.

«Біріншіден аудан өте шалғайда орналасқандықтан ұсынылған кепілдік мүлктің құны өте төмен. Мәселен, 1 млн.теңгенің мүлкін 400-500 мың теңгеге дейін төмен бағалайды. Ал бағдарламаға қатысу үшін кем дегенде 4,5 млн.теңге алуыңыз қажет. Ол үшін құны 10 млн. теңгеден астам мүлкті кепілге қою керек. Мұндай мүлкті жұрт қайдан табады?! Сондықтан бағдарламаға қатысуға ниет білдірген шаруа қожалықтары қаладағы туыстарының мүлкін кепілдікке қоюға мәжбүр. Бұған біреуі келіседі, біреулері келісім бермейді. Бүгінгі жағдайымыз осы», – деп қынжылады Асқарбек Ахметбекұлы.

Қостанай облыстық мәслихаты бесінші шақырылымының кезектен тыс сессиясы (негізгі мәселе: Өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына әсер ететін жедел жағдай мониторингі жөніндегі жұмыс тобының дербес құрамын бекіту туралы) 2015 жылғы 24 тамызда сағат 15.00-де мына мекенжайда: Қостанай қ., Әл-Фараби даң., 66-үй, облыстық әкімдіктің 4-ші қабатындағы мәжіліс залында өтеді.

Внеочередная сессия Костанайского областного маслихата пятого созыва (основной вопрос: Об утверждении состава Рабочей группы по мониторингу оперативной ситуации, влияющей на социально-экономическую стабильность региона) состоится 24 августа 2015 года в 15.00 часов по адресу: г. Костанай, пр. Аль – Фараби, 66, здание областного акимата, 4 этаж, зал заседаний.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Ел экономикасы екшелеуді талап етеді

Жұматай
КӘКІМЖАНОВ

Елбасымыздың пайымдауынша, қазіргі қаржы дағдарысының екпіні қатты. Осыған сай, оның алдын алу шараларын күшейту қажет. Атап айтар болсақ, ел экономикасын мұнайдың қазіргі бағамына сай негіздеу керек. Әлемдік сарапшылардың пайымдауынша, қара алтынның бағасы 30 АҚШ долларына дейін түсуі ықтимал. Металл құны да құлдырап барады. Бұған Ресейге салынып отырған санкция мен Қытайдағы жер асты байлықтарына сұраныстың шектелуін қосыңыз. Сенімді серіктестеріміздің экономикалық әлсіреуі – бізге де салқынын тигізу еді. Ел экономикасының өсімін сақтап қалу үшін, мемлекетіміз бюджеттік, монетарлық саясатын өзгертіп, үнемділік тәртібіне көшуі қажет. Мұндай шара, елдің еңсесін

түсірмеуі тиіс.

Соңғы жылдары Қазақстанда құрылыс қарқынды жүргізіліп, жұмысшылар саны көбейтілді. Жалақы мөлшері өсті. Әлемдегі қаржы дағдарысы күшейген сайын, ұдайы өсімді айтпағанда, тұрақтылықты сақтаудың өзі мұңға айналмақ. Қиындықты жеңу мақсатында, шығыны көп жаңа жобаларды жылы жауып, табысты молайтудың жолдары қарастырылады. Қаржы дағдарысынан қысылмай шығу үшін, Елбасымыз 2018 жылға дейін жобаларды жүзеге асыруға мораторий жариялады. Сондай-ақ, айтулы кезеңге дейін бюджеттік тапшылықты 1 пайызға кеміту тапсырылды. Ол үшін ішкі қор үнемделуі тиіс.


Қазақ еліне төнген қауіптен құтылудың амалы – экономикасы мен саясаты ұқсас дамыған елдердің тәжірибесін енгізу. Атап айтқанда, Австралия, Ка-

нада мемлекеттерінің 30 жылдық басқару жүйесі бізге оңтайлы. Елбасымыздың айтуынша, бағытымыз дұрыс болса, он жылда қазақ елі қатарының алдына шығуы тиіс. Еліміздің индустриялық-инновациялық саясаты да қазіргі қаржылық толқынға сай жүргізуді талап етеді.

«Зияткерлік жүйеде жұмыс істеуді талап ететін заман келді. Осы тұста ел экономикасына қатысы бар кез-келген қызметкер мен министрлердің еңбегі сыналады. Қазіргі қаржы дағдарысы қазақ елінің өндірістік саласына, әр секторына қауіп төндіріп отыр. Бұған дейін біздің басымыздан мұндай жағдай өткен емес. Қаржы дағдарысына қарсы бағдарламамызды оңтайлы жүзеге асыруымыз қажет. Бұл қиындықты жеңіп шығарымызға сенімім зор», – деген еді, Ақордада Үкімет өкілдерін жинаған Н.Назарбаев.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Киік неден қырылды?



Биыл Қостанай, Ақтөбе обылысындағы киіктердің қырылуының себептері әлі күнге дейін белгісіз болып келеді. Ғалымдар киіктердің қырылу себепін пастереллезге жапты, біреулері ракетадан аққан гептил деген отынға жапты, өзінге тиянақты бір шешімге келген жоқ. Менің айтайын деген сөзіме ғалымдар құлақ аса ма, аспай ма, оны өздері біледі. Біздің бала кезімізде өке-шешеміз қой ұстап, сол қойды ауыл болып кезектесіп бақтық. Сол кезде көктемнің мол жауынды-шашынды болған кезінде қой жайылымында шытыр деген шөп қалың шығады. Және де ол шөп қой, ешкі сүйсініп жейтін қоңырбас, морттық деген шөптермен аралас шығады. Шытыр шөбін жеген мал іші кеуіп, аузынан ақ көбік ағып өледі. Өкелеріміз қой соңынан жіберерде малды шытыр шыққан жерге жаймандар деп әдейі ескертіп жататын еді. Егерде шытыр жеп іші кеуіп өлейін деп жатқан малды көрсең, 5-ші мен 6-шы қабырғалықтың арасынан істік тығып, ішіндегі желін шығарып жіберіндер дейтін еді. Өсіресе іші кеуіп өлетін – қой, ешкі, сиыр малдары (көбіне ұрғашы малдар). Түйе малы жесе, артынан жел шығара береді. Бұндай кезде түйенің артынан қуалау керек. Әйтпесе, іші кеуіп өледі

Шытыр шөбі көктемнің жауынды-шашынды кезінде шығады. Ұлы кезі мамыр айының 15-інен 30-ы аралығында болады. Содан кейін дөнін шашып қурап қалады (дөні тарының дөні сияқты ұсақ). Жауын-шашын аз кезде онша көп шықпайды. Иісі өткір, ащы, шытырдың көп шыққан жерінде отырсаң басың айнала бастайды. Дөмі ащы болған соң төлдеген мал іздеп жүріп жейді. Бұл шөптің шығатын жерлері шөлді, жартылай шөлді жерлер. Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары осындай аймаққа жатады. Алдыңғы жылдардағы Батыс Қазақстандағы, биылғы жылғы Қостанай, Ақтөбе облысындағы киіктердің қырылуының себептері осы шытырмен байланысты сияқты. Жауын-шашын мол болды, киіктердің қырылуы мамыр айының 15-і мен 30-ы аралығында және де өлген киіктердің іші кеуіп, аузынан ақ көбік аққан. Өліп жатқан киіктердің көбісі – ешкілері. Қыстан аш шығып, лақтаған киіктер алдындағы шөптерді отап келе жатады, оның ішінде басқа шөптермен бірге шытыр шөбі де бар. Киіктер пастереллез ауруымен ауырса, мамыр айының 30-ынан кейін де ары қарай неге қырыла бермейді? Гептил болса да сол маңдағы жан-жануардың бөрі қырылып қалуы керек қой? Өткен бір телеэфирде атақты ұшқыш-ғарышкер Тоқтар Әубәкіров киіктердің қырылуын Арал теңізіндегі Кеңес заманы кезінде бактериялық қару шығарған «Возрождения» аралына таңғысы келді. Ағамыздың оқымыстылығына, батырлығына бас иеміз, бірақ қолында нақты дәлел болмаған соң, оның пікіріне де сене алмадық. «Возрождения» аралының іргесіндегі Арал қаласының және сол ауданның адамдары да, малдары да, аңдары да Құдайға шүкір, дін аман, сол теңізден балығын аулап, тіршіліктерін көріп жатыр. Киіктері суы ащы да болса сол теңізден су ішеді.

Болашақта киіктерді аман сақтап қалу үшін көктем уақытында алдын ала шытыр шөбі қалың шыққан жерлерден киіктердің бағытын өзгерту керек. Осындай шараларды қолданбасақ, келешекте киіктерден айырылып қалуымыз мүмкін. Қазіргі жағдай қазақтың киігінің басына келген жұт, тажал. Жұттың алдын алмаса болмайды. Халықаралық мамандар киіктің неден қырылғанын тауып береді деп жүріп, даламыздағы қырылғаннан қалған киіктерден айырылып, ен даламызда шашылған киіктің қураған қу мүйізі мен қу сүйегін ұстап қалмайық, ағайын.

Аян АЛДИЯРОВ.
Ақтөбе облысы.
(«Жас алаш»)

● АЙМАҚ

«Алтынсарин саябағы»

Щербаковтың шырайын аша түспек

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қазір өңірдің біраз елді-мекендері өз ауылдарымен мақтануы үшін демалыс орындарын көптеп ашуда. Алтынсарин ауданындағы Щербаков ауылының да келбеті жыл сайын көркейіп келеді. Ең бастысы, ауылға газ бен су тартылуда. Ал, ауыл ішінде бой көтеріп жатқан ауқымды саябақтың да болашақта ауыл тұрғындарының ең сүйікті демалыс орнына айналары сөзсіз. Ы.Алтынсарин атындағы бұл демалыс саябағының құрылысы үстіміздегі жылдың мамыр айында басталған болатын. Жоба құны 50 млн. 759 мың теңге, соның 28 млн.623 мың теңгесі биылғы жылға бөлініпті. Бүгінде бөлінген қаржы толықтай игерілген. Жалпы, құрылыс жұмыстары келер жылдың тамыз айында аяқталып, тапсырылатын болады. Бүгінгі таңда саябақтың айналасы толық қоршалып, кіре беріс алаңы жасалып, жазғы сахна орнатылып, жерге төсемтас төселген. Сондай-ақ, су сорғы стансасы да орнатылыпты. Себебі, мұнда қазір су бұрқақтардың да құрылысы қыза түскен. Ал, саябақ ішіндегі «Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп шәкірттерін білімге шақырған Ыбырай атамиздың мүсіні тіптен ерекше көз тартады.

– Саябақтың құрылысымен мердігер «Торгстроймонтаж» ЖШС айналысып жатыр. Ал, Ыбырай атамиздың ескерткішін «Балқыту» ЖШС салған болатын. Декоративті мүсіндердің авторы астаналық мүсінші Асқар Нартов. Мүсіндері пластиктен, ал тұғыры тастан жасалған бұл ескерткішке аудан бюджетінен 15 млн. 493 мың теңге бөлінген болатын. Жалпы, саябақтың құрылысына деп биылға бөлінген қаражаттың барлығы да игерілді. Бұл құрылы-



стың қалған жұмыстары 2016 жылы жалғасатын болады. Мәселен, субұрқақтарды қосу, демалатын орындықтарды қою, саябақ ішін жарықтандыру мен көгалдандыру сияқты жұмыстар келер жылдың еншісіне қалдырылып отыр, – дейді аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Светлана Мүсәпірова.

Алтынсарин ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: саябақ көріністері.

Білім ошақтарының қауіпсіздігін тексеруде

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары білім беру нысандарының жаңа оқу жылына дайындықтарына көз жеткізу үшін арнайы тексерістер жүргізуде.

– Тексеріс кезінде біздің мамандар білім ошақтарындағы терезелерге орнатылған темір торларға, электр сымдарына, автоматты өрт дабылдарына, бастапқы өрт сөндіру құралдарының бар болуына, эвакуациялық шығу жолдарына аса көңіл бөлді. Мұның сыртында мектеп ұжымдарымен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде нұсқа-

улықтар жүргізілуде, – дейді облыстық ТЖД-нің өртке қарсы қызмет майоры Г.Әбдірахманова.

Жалпы, облыс көлемінде 787 білім нысандары орналасқан. Жүргізілген тексеріс қорытындысы бойынша 256 нысан өрт қауіпсіздігі ережелеріне сай болып шыққан. Ал, 45 лауазымды және 5 заңды тұлға әкімшілік айыппұл төлейтін болды.

• ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

АМАНКЕЛДІДЕГІ ЖАҢА АСХАНА

немесе жас ана, жас кәсіпкер Гүлім Ғалымжанқызының бастамасы

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ**

Аманкелді кентінде осы уақытқа дейін бір дұрыс асхананың болмауы – округтерден түрлі шаруамен келіп-кететін ауыл халқын да және облыс орталығы Қостанай мен еліміздің басқа қалаларынан, сондай-ақ алыс-жақын шетелдерден келетін жолаушыларды да алаңдатып келді. «Бір асхана қашан ашылар екен?» деген сұрақ күні кешеге дейін көпшіліктің көңілін күпті етті.

Міне, осы олқылықтың орнын жас жұбайлар Ислам-Гүлім Әбішевтер толтырды. Сондықтан да асхананың салтанатты ашылуына аудан басшылары мен өңір жұртшылығының өкілдері де қуанышпен қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Талғат Тойшыбекұлы асхананың ашылуында осы жаңалықпен аудан жұртшылығын құттықтап, жас кәсіпкер Гүлім Ғалымжанқызының ісіне сәттілік тіледі. Жиналған көпшілік те Гүлімнің бастамасына өздерінің ризалықтарын білдірді.

Біз салтанатты рәсімнен соң Гүлім Ғалымжанқызына жолығып, оны әңгімеге тарттық.

– Бұл асхананы мен жалғыз өзім аша алмас едім. Осы уақытқа дейін шием 3 баламмен үйде отырып келдім. Өзірге кенжеміз саналатын ұлымыздың өмірге келгеніне осы таяуда ғана 40 күн толды. Оны қырқынан шығарған соң өзім жұмысқа шықтым. Себебі мен бухгалтерлік мамандық алсам да, осы уақытқа дейін қызмет істеудің реті келмеді, жұмыс табылмады. Еңбек жолымды осы асхана арқылы бастап отырмын. Енем Зада маған «Балаңды мен баға тұрайын. Сен кәсібіңді істей бер. Сәбиің маза-сызданса ұялы телефонмен хабарласамын ғой. Сонда жеңіл көлікпен келе қоясың» - деп кәсіппен айналысуыма жол ашты. Егер жолдасым Ислам Манарбекұлы қамқор болмаса, ұзындығы – 12,60 метр, ені – 7,40 метр асхана құрылысын қалай сала аламын?! Ислам менің жұмыссыз отырғаныма қиналып, «Қайтсек те биыл бір кәсіп ашатын боламыз» деп асхананың құрылысын өзі бастатты. Қажетті материалдарын жинақтап алғанша, дамыл көрген жоқ. Үнемі Қостанай қаласы мен Аманкелдінің екі ортасында жолаушылап жүрді. Керекті материалдарды жинап алған соң Аманкелді кентінде тұратын шебер құрылысшы Шалқар Оспановтың бригадасын жалдады. Өзі жұмыстан қолы қалт етіп босай қалса, күн демей, түн демей асхана құрылысының барысын қадағалады. Нәтижесінде 2 айдың ішінде асхана құрылысы аяқталды. Маған жаны ашып, осындай қамқорлық жасағаны үшін жолдасым Исламға



шексіз ризамын. Әйел адамға қашан да қамқорлық керек қой. Біздің бұл асхананы салуымызға себеп болған нәрсе - аудан орталығында бірде-бір асхананың болмағаны еді. Рас, бірер шайхана болды. Бірақ олар аудан халқының сұранысын өтей алмады. Сондықтан да, біз кәсібіміз бір-

ден алға жылжу үшін асхана салуды отбасымыз болып ақылдасып, шештік. Біздің бұл ойымызды атам Манарбек пен енем Зада бірауыздан қолдады. Асханамыздың ашылғанына бір аптадай ғана уақыт болса да келушілер өте көп. Түскі ас кезінде бос орын болмайды. Жұмысымыз таңертеңгі сағат 7-де басталып, сағат 19-20-ларда аяқталады. Асханамыз 50 адамға арналған. Барлық құрал-жабдықтар мен ыдыс-аяқтарды жаңадан сатып алдық. Тамақтың 20 түрін әзірлейміз. Асхананы ашу арқылы өзім және аспазшы Гүлжанат Ахметшина мен көмекшісі Әсемгүл Исабековаға, яғни, үшеуімізге жаңа 3 жұмыс орнын ашып отырмын. Жұмысымыз өзімізге ұнайды. Сәтті басталып кетті. Жақында Канададан келген қонақтар біздің асханамызда болып, өздерінің алғысын білдірді. Ол кісілер Бүкіл Дүниежүзілік Банктен келген екен. Халықтан алғыс алу – кімді болсын қанаттандырады ғой. Жаңа бастаған ісімнің көңілден шығуы – үшеуімізді де сапалы жұмыс жасауға бастап отыр, – дейді Гүлім Ғалымжанқызы.

Десе дегендей асхананың іші кірсе шыққысыз. Сырты қандай әсем болса, ішіне де қараптан-қарап көңілің тояды. Таңертеңгілік ауылдық округтерден ерте келетін адамдар Гүлімнің асханасына келіп, оразаларын ашып, шаруаларын бітіруге сосын барады екен. Ал түс кезінде асханаға келушілерде қисап жоқ. Тамақтары өте дәмді, тіл үйіреді. Мұның себебі Гүлім бала кезінен тағам дайындауды жақсы меңгеріпті. Осы шеберлігі оның асханасының көптің көңілінен шығуына елеулі ықпал еткен. Мұнымен қоса Гүлім өзінің іс-тәжірибесін Гүлжанат пен Әсемгүлге үнемі үйретіп отырады екен.

Ал, асхана ішінде қоңыр әуенмен, баяу ырғақпен қазақы күй ойнап тұр. Теледидар болса түрлі хабарларды көрсетуде. Асханаға келген жүргіншілер мен қонақтар оларды тамашалап, көңілдерін көтеруде. Сол сияқты, елімізде және әлемде болып жатқан алуан жаңалықтармен танысуда.

Ия, бұл – Аманкелді кентіндегі алғашқы асхана. Сондықтан да, оған деген көпшіліктің ықыласы жоғары. Бұл жағдай жас кәсіпкер Гүлімнің ерінбей еңбек етуіне күш-жігер беруде.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: жаңа асхананың сырты және іші; асхана меңгерушісі Гүлім Ғалымжанқызы (оң жақтан бірінші) және әріптестері Гүлжанат Рахметшина мен Әсемгүл Исабекова.

Суреттерді түсірген автор.

• ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ



Лисаков қаласында бағдарлама бойынша тұрғын үйлерді жөндеумен қатар тозығы жеткен су-жылу құбырлары жүйелерін жаңартуға қыруар қаражат бөлініп, кесек-кесек жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, қаланың сыртындағы айналма жылу магистралінің құбырлары ауыстырылды. Жаңа құбырдың диаметрі ескісіне қарағанда 100 мм аз болғанымен, өткізгіштігі мен сапасы көңілге қонымды. Ұзындығы 1007,5 метрді құрайтын магистралдың құрылысына 243,3 млн теңге жұмсалып отыр.

– Бүгінде құбыр қашықтықтан бақылау жүйесіне қосылған. Бұл дегеніміз, біз жылу сақтағыш қаптаманың ылғалдылығын қашықтықта тұрып-ақ бақылап, қажет болған жағдайда ықтимал апаттың алдын алып отырмыз. Сондай-ақ, бағдар-

Мемлекеттік бағдарлама игілігі

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы – тұрғындардың қалыптасқан өмірін қамтамасыз ететін әлеуметтік маңызы зор, мемлекет үшін өте жауапты салалардың бірі. Сондықтан соңғы жылдары осы саланы жаңғыртуға Үкімет тарапынан көп көңіл бөлініп, бірқатар реформалар мен бағдарламалар жүзеге асырылды. Солардың ішінде ауыз толтырып айтарлығы – Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

лама шеңберінде қаладағы су жылытатын қазандық та толық жөндеуден өтті. Ол үшін республикалық бюджеттен 80 млн теңге бөлінді, – дейді Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Алмат Исенбаев.

Шағын шаһардағы ыстық су мен жылыту жүйесі жеке жылу пункттері арқылы қадағаланады. Онда орнатылған «Взлет» жылу есептегіш құралы ауа райына қарай температураны реттеп отырады. Осының арқасында тұрғындар пайдаланылған нақты энергия үшін ғана ақы төлейді. Ал жылу таратушы компания, өз кезегінде, өндіріс қуатын тиімді пайдалануға көшетіні сөзсіз.

– Жылу есептегіш құралын орнатуға алғашында көпшілігіміз қарсылық білдірдік. Тіпті, жаңа құрал үшін төлеген ақша кімнің қалтасына түседі деген сұрақ та туындады. Алайда, есептегіш қойылған соң




коммуналдық ақы мөлшері азайды. Мәселен, екі бөлмелі пәтер үшін өткен жылдары 7-8 мың теңге төлеп келсек, биыл бұл төлем 5 мың теңгеден аспады, – дейді қала тұрғыны Күнсұлу Бахтиярова.

Бағдарлама аясында №5 шағын ауданда орналасқан 180 бөлмелі жатақхана да 92 млн теңгеге толық

жөндеуден өткізілді. Құрылысшылар 80-жылдары салынған ескі ғимараттың қасбетін жылу сақтағыш материалдарды пайдалана отырып жаңартқан. Шатырын ауыстырып, пластикалық терезелер мен жылу есептегіш құрал орнатқан. Соған қарамастан бөлмелерді жалға беру

соңына қарай №1 а және №2 шағын ауданда орналасқан 4 тұрғын үйді жаңарту жұмыстары басталмақ. Сондай-ақ, жылу тарату компанияларына түсетін салмақты азайту мақсатында жылу есептегіш құралдарын орнату жұмыстары өз жалғасын таппақ.



Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

СУРЕТТЕРДЕ: Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Алмат Исенбаев; жөндеуден өткен жатақхана ғимараты; жылу есептегіштер.

Суреттерді түсірген автор.


(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында).

Шартты белгілер мен қысқартулар:

	Бастапқы хабарлама
	Аралық хабарлама
	Аяқталу хабарламасы
	Процесс
	Шарт
	Басқару ағымы
	Хабарламалар ағымы
	Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат
АЖ	Ақпараттық жүйе
Портал	www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы
ЭҮШ	«Электрондық үкімет» шлюзі

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы



Әкімдіктің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 260 қаулысымен бекітілген

"Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы және оның қалалар мен аудандардағы бөлімдері (бұдан әрі - ХҚКО);

3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы

жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы қаулы (бұдан әрі - рұқсат), немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті берушіге өтішін білдірген кезде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 272 "Жер қатынастары, геодезия және картография саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен (бұдан әрі - құжаттар топтамасы) қоса қабылдауы немесе электрондық құжат нысандағы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қол таңбасымен куәландырылғын (бұдан әрі - ЭЦҚ) сұрау салу болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі - құжаттар топтамасын қабылдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 2 сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі - көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасының заңнамаға сәйкестігін қарайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, 6 (алты) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттардың топтамасы толық болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қатыстырудан дәлелді жазбаша бас тартады.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 3 (үш) жұмыс күні.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі - қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

5) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі - көрсетілетін қызметті алушыға берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды және басшыға береді, 15

минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 2 сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасының заңнамаға сәйкестігін қарайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, 6 (алты) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 3 (үш) жұмыс күні;

5) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 минут.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. ХҚКО-ға өтініш білдіру кезінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылды бастауға негіздеме ХҚКО қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттар топтамасын қабылдауы болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір іс-қимылдың мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) ХҚКО-ның қызметкері өтініштің дұрыс толықтығын және көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттар топтамасының Стандарттың 9-тармағына сәйкес толықтығын тексереді (5 минут).

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, ХҚКО қызметкері Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттар топтамасын толық ұсынған кезде ХҚКО-ның қызметкері оларды "Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесінде тіркейді (бұдан әрі - ХҚКО ИАЖ) және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді (5 минут);

2) Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ХҚКО-ның қызметкері ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан жазбаша келісімін алады (5 минут);

3) ХҚКО-ның қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оны көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік немесе осыған уәкілетті өзге де байланыс арқылы жібереді, (1 жұмыс күнінен аспайды);

4) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды, қол қояды және көшірмесін ХҚКО-на жібереді, 9 (тоғыз) жұмыс күні;

5) ХҚКО-ның қызметкері құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхатта көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді (15 минут).

Көрсетілетін қызметті алушы белгіленген мерзімде қызмет нәтижесін алуға хабарласпаған жағдайда, ХҚКО оның бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, содан соң оны көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін жібереді.

10. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының іс-әрекеттерінің тәртібі:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірі арқылы (бұдан әрі - ЖСН) порталда тіркелуді (авторизациялауды) жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті алушы электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық сұрау салудың жолақтарын толтыруы және Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тіркеуі;

3) электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландыруы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің электрондық сұраныстың өңдеуі (тексеруі, тіркеуі);

5) көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салудың мәртебесі және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі туралы хабарламаны алуы;

(Жалғасы бар).


(Продолжение. Начало в предыдущих номерах газеты).

Условные обозначения:

	Сообщение начальное
	Промежуточное сообщение
	Сообщение завершающее
	Процесс
	Условие
	Поток управления
	Поток сообщений
	Электронный документ, представляемый конечному потребителю
ИС	Информационная система
Портал	веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz
ШЭП	Шлюз «электронного правительства»

Приложение 2 к Регламенту государственной услуги "Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка"

Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги "Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка"



Утвержден постановлением акимата от 19 июня 2015 года № 260

Регламент государственной услуги "Выдача разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Выдача разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ" (далее – государственная услуга) оказывается местными исполнительными органами области, районов, городов областного значения (далее – услугодатель).

Прием документов и выдача результатов оказания государственной услуги осу-

ществляется через:

- 1) канцелярию услугодателя;
- 2) филиал Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и его отделы в городах и районах Комитета связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее – ЦОН);
- 3) веб-портал "электронного правитель-

ства" www.egov.kz.

2. Форма оказания государственной услуги: электронная (частично автоматизированная) и (или) бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги – постановление о выдаче разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ (далее – разрешение), либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: электронная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги при обращении к услугодателю является принятие услугодателем заявления по форме согласно приложению 1 к Стандарту государственной услуги "Выдача разрешения на использование земельного участка для изыскательских работ", утвержденное приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 272 "Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере земельных отношений, геодезии и картографии", (далее – Стандарт) с приложением документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее – пакет документов) либо запрос в форме электронного документа, удостоверенной электронной цифровой подписью услугополучателя (далее – ЭЦП).

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов от услугополучателя и передает руководителю услугодателя, 15 минут.

Результат процедуры (действия) – прием пакета документов;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя, налагает соответствующую визу, 2 часа.

Результат процедуры (действия) – виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов на соответствие законодательству, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, 6 (шесть) рабочих дней.

В случае неполноты предоставленных пакета документов дает письменный мотивированный отказ в дальнейшем рассмотрении заявления в течение двух рабочих дней с момента получения пакета документов от услугополучателя.

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги, 3 (три) рабочих дня.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

5) ответственный исполнитель выдает услугополучателю результат оказания государственной услуги, 15 минут.

Результат процедуры (действия) – выданный услугополучателю результат оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя;
- 2) руководитель услугодателя;
- 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов от услугопо-

лучателя и передает руководителю услугодателя, 15 минут.

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя, налагает соответствующую визу, 2 часа.

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов на соответствие законодательству, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, 6 (шесть) рабочих дней.

4) руководитель услугодателя подписывает результат оказания государственной услуги, 3 (три) рабочих дня.

5) ответственный исполнитель выдает услугополучателю результат оказания государственной услуги, 15 минут.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Основанием для начала действия по оказанию государственной услуги при обращении в ЦОН является принятие работником ЦОН пакета документов от услугополучателя.

9. Содержание каждого действия, входящего в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) работник ЦОН проверяет правильность заполнения заявления и полноту пакета документов, предоставленных услугополучателем, на соответствие пункту 9 Стандарта (5 минут).

В случае предоставления услугополучателем неполного пакета документов согласно перечню, предусмотренному пунктом 9 Стандарта, работник ЦОН выдает расписку об отказе в приеме документов по форме согласно приложению 2 к Стандарту.

При предоставлении полного пакета документов, работник ЦОН регистрирует их в информационной системе "Интегрированная информационная система для Центров обслуживания населения" (далее – ИИС ЦОН) и выдает услугополучателю расписку о приеме соответствующих документов (5 минут);

2) работник ЦОН получает письменное согласие услугополучателя на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан (5 минут);

3) работник ЦОН подготавливает пакет документов и направляет его услугодателю через курьерскую или иную уполномоченную на это связь (не более 1 дня);

4) услугодатель подготавливает, подписывает и направляет копию результата оказания государственной услуги в ЦОН, 9 (девять) рабочих дней;

5) работник ЦОН в срок, указанный в расписке о приеме пакета документов, выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю (15 минут).

В случаях, когда услугополучатель не обратился за результатом услуги в указанный срок, ЦОН обеспечивает его хранение в течение одного месяца, после чего передает его услугодателю для дальнейшего хранения.

10. Порядок действий услугодателя и услугополучателя при оказании государственной услуги через портал:

1) услугополучатель осуществляет регистрацию (авторизацию) на портале посредством индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН);

2) выбор услугополучателем электронной государственной услуги, заполнение полей электронного запроса и прикрепление пакета документов, указанных в пункте 9 Стандарта;

3) удостоверение электронного запроса для оказания электронной государственной услуги посредством ЭЦП услугополучателя;

4) обработка (проверка, регистрация) электронного запроса услугодателем;

5) получение услугополучателем уведомления о статусе электронного запроса и сроке оказания государственной услуги в "личном кабинете" услугополучателя;

(Продолжение следует).

• БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Тамыз мәслихаты ұстаздарға не берді?



Өткен оқу жылының жетістіктері жоқ емес

Білім беру қызметкерлерінің облыстық педагогикалық тамыз мәслихаты өңіріміздің бас мұғалімі Әлия Төртқараеваның баяндамасымен басталды. Өткен жылды қорытқан басқарма басшысы жетістіктерін жіпке тізіп шықты. Атқарылған жұмыстарға талдау жасап, жаңа оқу жылында алға қойған міндеттерді таныстырды.

– Биылғы оқу жылының тақырыбы – білім берудің инновациялық стратегиясы болмақ. Инновация дегеніміз – сапалы біліммен қамтамасыз ету, – деп сөзін бастаған Әлия Құсманқызы алдымен алдағы оқу жылында болатын жақсы жаңалықтарды жария етті. Атап айтқанда, «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» аясындағы жобаларды жүзеге асыру барысында осы жылы 5 білім беру ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Олар – Денисов ауданының Денисов орта мектебі, Науырзым ауданының Буревестник орта мектебі, Рудный қаласының Қашар поселкесіндегі №1 орта мектеп, Ұзынкөл ауданының «Сәуле» балабақшасы және Жанкелдин ауданының Қаратүбек орта мектебі.

Басқарма басшысы биыл ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысушылардың саны 60,8 пайызды құрағанын жеткізді. Осы орайда 40 түлек «Алтын белгісін» қорғап шығыпты.

– Ал ұлттық бірыңғай тестілеу көрсеткіші республика бойынша былтырғыдан төмен. ҰБТ орташа баллы 78,79. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,15 пайызға кем. Облыстағы 16 ауданның білім сапасы айтарлықтай емес. Өткен оқу жылында ең төменгі көрсеткішті Жанкелдин, Аманкелді және Қарасу аудандарының түлектері алды, – деді Әлия Төртқараева.

Жаратылыстану-математикалық бағытта өткен республикалық олимпиадаға қостанайлық 37 оқушы қатысып, оның 23-і 3 алтын, 6 күміс және 14 қола медальді иеленді. Қостанай облысы оқушыларынан құралған жалпы команда республикалық олимпиадада бірінші орын алып, «Ең үздік олимпиада командасы» атанып келді.

Қостанай облысында 548 мектеп болса, оның 70% жуығы аз қамтылған. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша аудан орталығындағы орта мектептердің базасынан материалдық-техникалық базасы жақсы, педагогикалық ұжымы мықты 13 ресурстық орталық ашылды. Аталған орталық аз қамтылған мектептердің оқыту процесіне әдістемелік және кеңестік көмек көрсетеді. Жыл соңына дейін тағы да осындай 4 орталық Жанкелдин, Қамысты, Науырзым аудандары мен Арқалық қалаларында ашылады деп күтілуде.

Ал, Тобыл өңірінің білім беру саласында 13 500 педагог еңбек етеді. Соның 2500-ы техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында жұмыс істейді. Өңірде оқу орындарын жаңадан бітіріп жатқан жастарды жұмысқа қабылдау мәселесі де жақсы жолға қойылған. 2014-2015 оқу жылында 598 жас маман жаңадан жұмысқа қабылданды.



Оңтүстіктен 150 бала оқуға келеді

Бүгінде елімізде білім беру ісі инновациялық бағытта жүзеге асып жатқанын атап өту керек. Білім басқармасы басшысының айтуынша, біздің педагогтар екі жыл қатарынан республикалық конкурста «Жыл мұғалімі» атағын жеңіп алды. Соңғы бес жылда Қостанай облысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту бағдарламасы қарқынды жүзеге асып келеді. Өткен жылы осындай тәсілмен оқыту 44% болса, биыл 63,9 пайызға артқан. Биылғы оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша еліміздің оңтүстік облыстарынан «токарь» мамандығы бойынша білім алуға 100 жас келді. Оның 23-і Рудный қаласындағы кәсіпорындарға жұмысқа тұрды. Ал келесі оқу жылына 6 колледжге тағы 150 сту-



дент 6 мамандық бойынша оқуға келеді. Бұдан өзге, 13 колледжде дуальдық оқыту жүйесі жолға қойылыпты.

Астықты өлкенің білім жүйесін өркендету барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың ой-өресін дамыту, дүниетанымын кеңейту, оларға сапалы білім беру мәселесі де қалыс қалған емес. Бүгінде облыстың 101 мектебінде 5 мың мүгедек оқушы ешкімнен кем қалмай білім алып жүр. Жүз мектепте инклюзивті білім беретін сыныптар бар. Облыс



бойынша 11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылған. Алайда, Алтынсарин, Жанкелдин, Қамысты, Қарасу, Таран аудандарындағы 1500 мүгедек бала осындай түзету кабинеттерінің жоқтығынан білім ала алмай отыр.

Тіл білу деңгейі талапқа сай емес

Әрине, өңірімізде білім беру жүйесінде жетістіктерімен қатар, кемшіліктер де жоқ емес. Тағы бір мәселе – талапкерлердің тіл білу деңгейінің өте жеткілікті жоғары деңгейде еместігі.

«Өкінішке қарай, бізге оқуға келген талапкерлердің білім деңгейі талапқа сай болмай тұр, сондықтан ағылшын тілінен бастауыш курстарын ашуға мәжбүрміз, – дейді тамыз мәслихатында сөз алған ҚМПИ проректоры Еркін Әбіл.

– Былтырғы оқу жылы сәтті болды деп айтуға болмайды. Қостанай облысында ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысының орташа баллы 78,79-ды құрады. Алдағы оқу жылында бар жігермен жұмыс істеміз. Еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі үшін жоғары білікті мамандарды талап етеді. Сондықтан білім беру ұйымдарының алдында үлкен жауапкершілік күтіп тұр, – деп сөзін түйіндеді облыс әкімі Нұралы Садуақасов.

Бұдан кейін ұстаздар қауымы лебіз білдіріп, ой-пікірлерін ортаға салды.

Жиында сөз алған астаналық қонақ Светлана Исмағұлова білім саласындағы республика бойынша жетістіктерге тоқтала келе, ең бастысы еліміздегі кішкентай тұрғындардың балабақшамен қамтылуы биыл 73-74 пайызға жеткенін атап өтті. Осылайша, бүгінде 709 мың бала 9 мыңнан аса мектепке дейінгі мекемеге барып жүр. Ендігі міндет – 2020 жылға дейін еліміздегі барлық балдырғанды балабақшамен қамтамасыз ету.

Жиынның соңында жемісті еңбек еткен ұстаздар марапатталды. Бірі «ҚР білім беру ісінің үздігі» атанса, енді бірі «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін тақты. Облыс әкімінің «Құрмет грамотасы» да тапсырылды. Жыл сайынғы дәстүр бойынша 14 мектептің арасында өткен аймақтық жарыста биыл Ұзынкөл ауданының №1 орта мектебінің ұжымы 17 млн. 91 мың теңге облыс әкімінің грантын жеңіп алды.

СУРЕТТЕРДЕ: тамыз мәслихатынан көріністер. Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

• КЕЛБЕТ

Жігіттің бір кездегі көкшетауы

Нұрхан Абдолұлы Ислямиев 70 жаста

Кешегі партия, кеңес қызметкері, облыс деңгейінде Нұрекең теле-радио мен әкімшілік мәдениет саласын басқарған. Орта арнаулы оқу орнында басшы болған. Берісі Торғай, Қостанай әрісі республикаға танымал азамат атқарған игілікті ісі үшін Нұр-аға атанған Нұрхан аға бүгінде ер азаматтың парасатты, кемеңгер, кемел жасы 70-ке толып отыр. Халқына жасаған еңбегі зор, атқарған ісі ел аузында жүрген күні бүгінге дейін ел азаматтарының нұр-шапағатына бөленіп аса ілтипат, құрметке ие Нұрекең бір ауыз інілік жылы лебіз білдіру парыз.

Нұрхан аға бір жасқа үлкен болғанмен үлкендік, ағалық жолында, қамқорлығында, достығында, сыйластығында ешқашан сызат түсірмей, бірқалыпты жолдан таймай, бар болса тасымай, жоқ болса жа-

сымай, әділдік жолдан таймай, ешкімнің ала жібін аттамай, қызмет бабында ешкімге дауыс көтеріп көз алартпай байыппен сөйлеп, бабымен түсіндіретін үлкен тәрбие мектебінің бағбаны болды.

Қаншама азаматтарға қамқор, ақылшы, жол нұсқар тірегі болды. Нұрекеңмен 45-жылдан бері сыйлас-сырлас болып келеміз. Жалындаған жас кезімізде комсомол мектебінен өттік. Отыздан жаңа асқан Нұрекең шаруашылығы ауыр, бірінші басшысы қатал Аманкелді ауданына атқару комитетінің төрағасы болып кел-

ді. Іскерлігі, алғырлығы, әділ шешімі үшін қарапайым халық көп жағдайда ауданның бірінші басшысынан гөрі Нұрекеңге көп жүгінетін. Бұл кісі әділ шешімін айтатын. Осы кісіден әділдік күтетін. Алдына кім келсе де жылы қабылдап, нақты көмегін көрсететін. Міне сол кезде жаста болса бас болып, Нұр-аға атанды. Өзінен жоғары, өзімен қатар қызметтестерге Нұр-аға атануы олардың қабілетсіз беделіне нұсқан келтірді. Бұл жағдайды көріп өстік. Кейін облыс деңгейіндегі қызметте де беделі жоғарыламаса төмендемеді.

Өтірік, өсек айтпайтын, тура

жолдан таймайтын қарапайым, қайырымды, қай салада да мемлекеттік қызметті өз деңгейінде атқарған азамат бүгінде құрметті демалыста. Нұрхан Абдолұлы Нұр-аға деп өзіміз үлгі, өнеге тұттық. Жақсы мінезіне, таза жүріс-тұрысына, сыпайы сөз сөйлеу мәнеріне қызығатынбыз. Өкінішке қарай, көп жағдайда оғаш мінезіміз, шикілігіміз көрініп қалатын. Біздің алдымыздағы ақылгөй аға, парасатты басшы болды. Нұрекең Ақмола тумасы болғанмен Торғайдың төлбаласына, ел ағасына, ақылшы, кемелденген данасына айналды. Кез келген ор-

тада Нұрекеңді құрметтемейтін азамат жоқ десем артық болмас. «Өзі жақсы кісіге әрқашан төрден орын бар» деген аталы сөз осы кісіге айтылғандай. Бүгінде құрметті төріміздің иесі Нұр-аға 70-жасқа толды. Жетпіс жас азаматтың асқар таудай параса биігіне көтерілген кемелденген шағы. Разия жеңгемізбен балалары ағамызды алақанға салып аялап бағып отыр. Ұлы Жаратушы Нұрхан ағаға денсаулық отбасына амандық берсе деп тілеймін!

Шөптібай БАЙДІЛДІН.
Арқалық қаласының құрметті азаматы.

«Еңбек Даңқы кітабы» эстафетасы бастау алды

Мендіқара жерінен 1-бет. бастау алған эстафета облысымыздың әр қала мен аудандарын аралап, еңбекпен шыңдалып, өз жерінде жетістікке жеткен тұлғалар бейнесін қайта жаңғыртады. Игі іске мұрындық болған облыстық ішкі саясат басқармасы екенін айта кеткен жөн. Оған облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы, кәсіподақ, арадагерлер кеңесі ұйымдары да атсалысты. Биыл кеңінен аталып өткен Жеңістің 70 жылдығына байланысты Әскери Даңқ кітабының эстафетасы да дәл осындай сипатта ұйымдастырылған-ды.

Еңбек Даңқы кітабының алдымен Харьков ауылынан бастау алуының бір сыры – мұнда алғашқы болып қыз-келіншектер арасында трактордың тізгінін ұстап, күллі Одаққа танымал Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева шыққан. Одан кейін еліміз Тәуелсіздік алғаннан соң Қазақстанның Еңбек Ері атағы Сайран Бұқановқа бұйырған. Ол отыз жылдан астам Харьков ауылындағы «Қарқын» ЖШС басқарып келеді.

Салтанатты шараның мұнда өткізілуінің тағы бір қызығы – Сайран Бұқановтың туған күнімен, яғни, 65 жас мерейтойымен тұспа-тұс келуі. Арнайы мәжіліске қатысқан қонақтар ауылдың тарихымен таныса отырып, еңбек адамдарының бейнесі сомдалған көрмені тамашалады. Ауыл орталығындағы соғыс және еңбек ардагерлерінің құрметіне ашылған аллеяны аралады. Ауыл басқарған ең алғашқы басшылардан бастап күні бүгінге дейінгілердің есімдері жазылған тақтаны көрді. Ауылдық кітапхананың жұмысымен танысты.

Содан соң мәдениет үйінде аудандық өнерпаздар «Адамды адам еткен – Еңбек» тақырыбының мазмұнында концерт қойып, көрермендерін тәнті етті.

Мендіқара ауданының әкімі Виктор Ионенко Аманкелді ауданынан келген әкім орынбасары Сабыржан Хайруллинге



кітапты тапсыру кезінде жақсы ойдың қалыптасып туғанын, енді мендіқаралықтардың дәл осы сипатта өз кітабының жарық көретінін, кейбір еңбек адамдарының еңбей қалған бейнесі ауданның өз кітабында жарияланатынын жеткізді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин жиналған қауымға ризашылығын жеткізіп, кезінде Жоғары Кеңес депутаттарының съезінде ақын Олжас Сүлейменовтің «Құрғақ қасық танкіден де қорқынышты» деген сөзін есіне алды. Мұны Кенжебек Үкіұлы 90 жылдардағы қиыншылық уақытта Харьков ауылын қираудан тұтастай сақтап қалған басшы Сайран Бұқановқа қатысты айтты.

Мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Гүл-

жан Мендекенова да сөз сөйлеп, осы игі идеяны жүзеге асыруда бірнеше архивтік құжаттардың қаралғанын әңгімеледі. Алдағы уақытта өңіріміздің 80 жылдығы тарихына орай бұл кітаптың келешек ұрпаққа берері мол тағылымды һәм танымды дүние екендігін ішкі саясат басқармасының басшысы Жанділдә Мақанов белгілі ағылшын жазушысы Джонатан Сфивттің сөзімен жеткізді.

Эстафетаны қабылдап алған Сабыржан Хайруллин «Еңбек Даңқы кітабының» келесі беттері аманкелділіктердің бейнесімен толыға түсетінін айтып, жылы лебізін білдірді.

СУРЕТТЕРДЕ: салтанаттан көрініс.

Суреттерді түсірген Айбек Жүзбай.

● МЕРЕЙ

Қазақ өнерін түлеткен

мәдениет саласының үздігі
Римма Ғайсенова туралы сөз

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары халық ұлттық өнерімізге сусап отырған еді. Әсіресе, қазақтың үлесі аз Қостанай өңірін рухани тұрғыдан қолдау аса қажет болды. Жұртшылық наурыз тойы, айтыс, ас беру, мүшәйрадан бастап, басқа да салт-дәстүрді ұмытудың алдында болғанын несің жасырамыз. Сол бір өліара шақта өңіріміздің мәдениеті мекемесіне Римма Ғабдолқызы Ғайсенова басшы болып келді. Бұған дейін де аймағымыздың аталған саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман аянып қалған жоқ. Өзінің бар қажыр-қайратын жас мемлекетіміздің рухани мұраларын жаңғыртуға жұмсады.

1992 жылы Наурызым жерінде оқушылар арасында тұңғыш рет «Жас тұлпар» деген атаумен облыстық айтыс өткені есімізде. Өнерге шөлдеп отырған Тобыл жұртшылығы бұл сөз додасын талайға дейін аузынан тастаған жоқ. Сол оқушылардың жыл сайын әр аудан-қалаларда өткізілетін жыр бәйгесі үрдіске айналып, оның ауқымы кеңейе түсті. Талай сарыауыз балғындардың тұсауын кесіп, өнерін шыңдаған, қазақ айтысына жанашыр болған жан – Римма Ғабдолқызы.

Римма Ғайсенова мәдениет саласын басқарған жылдары өңірімізде үш жүзге сауын айтқан дүбірлі бірнеше той өтті. Республикалық деңгейде ұйымдастырылған мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаровтың 80 жылдығы, көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің 100 жылдығы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойлары көзі қарақты ағайынның әлі есінде. Осындай үлкен науқандарды басқарған да – Римма Ғайсенова. Айтыскер ақын Ақсулу Орысбайқызы мен танымал ақын, дін білімпазы Сейітжан Бекентайұлының 120 жылдық тойлары да жоғары дәрежеде өтті.

Сол тоқсаныншы жылдардың басында өңіріміз құрамы жағынан шағын болса да, үлкен бір өнер ұжымымен толықты. Облыстық филармонияда Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияны бітірген өрімдей жас таланттардан құралған «Ақжелең» ұлт-аспаптар ансамблі құрылды. Римма Ғайсенова осы жастардың бірден-бір қолдаушы әрі жанашыры болғаны бір бөлек, бүгінгі күні «Ақжелең» ансамблінің анасы» деген құрметке ие.

Римма Ғайсенова мәдениет саласын басқарған жылдары «Жігіттің сұлтаны», көркемөнерпаздар, жыршы-термешілер байқаулары, ақын-жазушылардың кештері, басқа да шаралар кең көлемде ұйымдастырыла бастады. Өңіріміздің рухани өмірінде болған үлкен серпілістердің ішінде облыс орталығында Ілияс Омаров атындағы драма театрдың бой көтеруін ерекше атап өтуге болады. Бұдан бөлек қаншама мәдени ошақтар, өнер ұжымдары дүниеге келді.

Біз Римма Ғабдолқызы атқарған жұмыстардың бір парасын ғана тізбектеп отырымыз. Қазіргі таңда мемлекет, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің Қостанай облыстық кәсіподақ ұйымдарының төрайымы қызметін атқарып отырса да, өнер саласынан қол үзген жоқ – өзі негізін қалаған, қолымен көтерген ұжымдармен әлі етене аралас. Қажырлы еңбегі де жоғары бағаланып келеді. Басқа марапаттары бір төбе, ал өткен Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында кеудесіне «Құрмет» орденін тақты, ол Қостанай қаласының құрметті азаматы.

Ер азаматқа тән қайратты мінезі бар, өнердің шын жанашыры, әр намысты қазақтың қайсар қызын мерейлі тойымен құттықтау – бізге парыз. Қостанай мәдениетіне, өнеріне өзіндік із қалдырған жанға ұзақ ғұмыр сүруді тілейміз.



● «ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА ҚАРАЙ 20 ҚАДАМ»

Бау-бақшасы жайқалған...

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қаласының Үштөбе ауылында бақша салушылар қатары артып келеді. Төрт жыл бұрын «Төкен» жеке кәсіпкерлігін ашқан Сариндер отбасы кәсіптерін алғашында 10 қапшық картоп егуден бастаған. Бақшаның бабын тауып, жылма жыл тәжірибе жинақтады.

– Ешқандай қоспасыз, табиғи таза өнім өсіреміз. Денсаулыққа өте пайдалы. Өсірген өнімдеріміздің үштен бірін саудаға шығарамыз. Өзіміздің үйренген тұтынушыларымыз бар. Көтерме бағамен алып кетеді, – дейді отанасы Әлия.



Жас отбасы 4 бала тәрбиелеп отыр.

– Балаларымызды жеткізу үшін еңбек етудеміз. Біздегі басты мәселе, несие ала алмаймыз. Ауыл үйлері кепілдікке жарамайды. Несие алсақ, тынысымыз кеңейіп қалар еді, – дейді отағасы Нұртай.

Шағын шаруа биыл 3 тоннадан астам картоп егіпті. Мұның сыртында 8 мың түп қызанақ егіп

отыр. Қияр алқабы да қанат жайып келеді. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Ерлі-зайыпты бағбандар. Суретті түсірген автор.

Заңсыз тасымал азаймай отыр

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Облыс орталығынан аудан, ауылдарға жолаушыларды заңсыз тасымалдау тыйылмай отыр. Құзырлы органдар тарапынан қанша рет рейд ұйымдастырылғанымен жағдайдың жақсарғаны байқалмайды. Қайта жол жиегін тұрақ еткен көлік иелерінің жұмысы күн өткен сайын күрделене түскен. Бұған облыстық прокуратура-

ның өкілдері және жол қауіпсіздігін бақылайтын инспекторлар мен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметкерлерімен бірге шыққан кезекті рейд кезінде көз жеткіздік. Жолдағы жөнсіздікті ретке келтіру үшін ұйымдастырылған шараға аталған үштік түгелдей қатысты. Өйткені, соңғы уақытта заңсыз жолаушы тасымалының

салдарынан қара жолда қайғылы оқиғалар көбейіп кеткен. Облыстық прокуратураның бірінші басқарма прокуроры Алмат Еслямов шараның мақсаты жүгенсіз жүргізушілерді тәртіпке шақыру, дейді.

– Жолаушыларды тасымалдағаннан кейін оның қызметі заңды болуы керек. Жолаушылардың өмірін сақтандыруға міндетті. Және осы кәсіп түрімен айналысатындығы ту-

ралы рұқсат құжаттары болуы керек. Күн сайын медициналық тексеруден өтіп отыруы қажет. Өйткені, бұл заң талаптары, – дейді Алмат Еслямов.

Кезекті рейд кезінде заңды белден басып, жолаушы тасымалдауды кәсіп еткен 31 жүргізуші анықталды. Оларға хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Тіпті, кейбіреуінің мүлде салық төлемей жүргені де белгілі болды.

●ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Жанкелдин ауданы, Ақшығанақ ауылының тумасы **Бермағанбетов Шәріпті** 23 тамыз күні 77 жасқа және немересі **Бермағанбетова Данагүлді** 10 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Туған күн иелеріне – зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, сергек көңіл күй тілейміз.

Игі тілекпен:
балалары, күйеубалалары, немерелері.

Зейнеткерге құрмет көрсетті

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Таяуда Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ басшысы Мұрат Мәжитұлы Тобағабыловты зейнеткерлікке салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.

Алғашқы құттықтау сөз – аудан әкімі Ж.Таукеновке берілді. Аудан басшысы Мұрат Мәжитұлының өмір жолына кеңінен тоқталып, оның әсіресе әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқарған уақытта аудан халқына, мемлекетімізге пайдалы істер тындырғанын ерекше атап көрсетті.

– Нарықтық экономиканың алғашқы жылдарында билікке келген ол өзі басқарған мекеменің жұмысын жақсы жолға қойды. Еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы айлар бойы берілмеген уақыттарда халықтың тілін тауып, көңілінен шыға білген Мұрат Мәжитұлы ауданымыздың экономикасы мен әлеуметтік жағдайын дамытуға лайықты үлес қосты. Әлеуметтік мәселелерді білгірлікпен шеше білді. Нәтижесінде аталмыш мекемені 20 жылдан астам уақыт сәтті басқарып, халықпен қоян-қолтық жұмыс істеді. Бұл кісіге зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз! Бала-шағаларының қызығын көріп, әлі де болса ауданымызды өркендетуге өзінің лайықты үлесін қоса беруін қалаймыз! – деді аудан әкімі.

Аудан басшысы мұнан соң М.Тобағабыловқа аудан активі атынан теледидар сыйлады.

Білікті мемлекеттік қызметшіні, басшыны аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитұлы, аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ басшысының орынбасары А.Ибраев, ауылдық округтер әкімдері атынан Тасты ауылдық округі әкімі Қ.Жұмабаева, аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Р.Есмағанбетов, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Е.Ещанов және бұрынғы аудан басшыларының бірі, зейнеткер Т.Ержан құттықтап, оған алдағы уақытта қазыналы қарттықты тіледі.

Сөз кезегін алған мемлекеттік қызметші М.Тобағабылов аудан басшылығы мен активіне өзінің алғысын айтып, ризалығын білдірді.

Аудан өнер шеберлері арнайы концерт қойды. Аманкелді ауданы.

Наименование организации

АО «Международный аэропорт «Костанай»

Вид деятельности организации аэропортовая деятельность

Организационно-правовая форма акционерное общество

Форма отчетности: неконсолидированная

Среднегодовая численность работников 278 чел.

Субъект предпринимательства крупный

Юридический адрес (организации) г.Костанай, аэропорт

Бухгалтерский баланс

по состоянию на 31 декабря 2014 года

тыс.тенге

Активы	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
I. Краткосрочные активы:			
Денежные средства и их эквиваленты	010	16 713	30 098
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	011		
Производные финансовые инструменты	012		
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	013		
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	014		
Прочие краткосрочные финансовые активы	015		
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	11 656	11 945
Текущий подоходный налог	017		3
Запасы	018	76 470	46 547
Прочие краткосрочные активы	019	15 971	26 527
Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 019)	100	120 810	115 120
Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи	101		
II. Долгосрочные активы			
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	110		
Производные финансовые инструменты	111		
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	112		
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	113		
Прочие долгосрочные финансовые активы	114		
Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	115		3 026
Инвестиции, учитываемые методом долевого участия	116		
Инвестиционное имущество	117		
Основные средства	118	562 011	580 127
Биологические активы	119		
Разведочные и оценочные активы	120		
Нематериальные активы	121		
Отложенные налоговые активы	122	11 947	
Прочие долгосрочные активы	123		
Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 123)	200	573 958	583 153
Баланс (строка 100 + строка 101 + строка 200)		694 768	698 273
Обязательство и капитал	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
III. Краткосрочные обязательства			
Займы	210		
Производные финансовые инструменты	211		
Прочие краткосрочные финансовые обязательства	212		
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	213	98 062	64 798
Краткосрочные резервы	214	12 212	10 484
Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу	215		
Вознаграждения работникам	216		
Прочие краткосрочные обязательства	217	23 363	20 355
Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)	300	133 637	95 637
Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи	301		
IV. Долгосрочные обязательства			
Займы	310		
Производные финансовые инструменты	311		
Прочие долгосрочные финансовые обязательства	312		
Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	313		29 700
Долгосрочные резервы	314		
Отложенные налоговые обязательства	315		
Прочие долгосрочные обязательства	316		
Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)	400	0	29 700
V. Капитал			
Уставный (акционерный) капитал	410	542 110	542 110
Эмиссионный доход	411		
Выкупленные собственные доли	412		
Резервы	413	15 596	15 596
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	3 425	15 230
Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)	420		

Доля неконтролирующих собственников	421		
Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)	500	561 131	572 936
Баланс (строка 300+строка 301+строка 400 + строка 500)		694 768	698 273

Руководитель	Ким Ю.М.	
	(фамилия, имя, отчество)	(подпись)
Главный бухгалтер:	Загребельный А.И.	
	(фамилия, имя, отчество)	(подпись)
Место печати		

Наименование организации

АО "Международный аэропорт "Костанай"

Отчет о прибылях и убытках
за период, заканчивающийся 31 декабря 2014 года

тыс.тенге

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
Выручка	010	583 415	461 524
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	531 565	399 524
Валовая прибыль (строка 010 – строка 011)	012	51 850	62 000
Расходы по реализации	013		
Административные расходы	014		
Прочие расходы	015	54 890	54 800
Прочие доходы	016	19 414	152
Прочие доходы	020	1 950	226
Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 016)	021	-20 504	7 274
Доходы по финансированию	022		
Расходы по финансированию	023	2 605	6 127
Доля организации в прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	024		
Прочие неоперационные доходы	025		
Прочие неоперационные расходы	100		
Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)	101	-23 109	1 147
Расходы по подоходному налогу	200	-11 842	72
Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 – строка 101)	201	-11 267	1 075
Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности	300		
Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:		-11 267	1 075
собственников материнской организации			
долю неконтролирующих собственников	400		
Прочая совокупная прибыль, всего (сумма строк с 410 по 420):		0	0
в том числе:	410		
Переоценка основных средств	411		
Переоценка финансовых активов, имеющихся в наличии для продажи	412		
Доля в прочей совокупной прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	413		
Актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам	414		
Эффект изменения в ставке подоходного налога на отсроченный налог дочерних организаций	415		
Хеджирование денежных потоков	416		
Курсовая разница по инвестициям в зарубежные организации	417		
Хеджирование чистых инвестиций в зарубежные операции	418		
Прочие компоненты прочей совокупной прибыли	419		
Корректировка при реклассификации в составе прибыли (убытка)	420		
Налоговый эффект компонентов прочей совокупной прибыли	500		
Общая совокупная прибыль (строка 300 + строка 400)		-11 267	1 075
Общая совокупная прибыль относимая на: собственников материнской организации			
долю неконтролирующих собственников	600		
Прибыль на акцию:			
в том числе:			
Базовая прибыль на акцию:			
от продолжающейся деятельности			
от прекращенной деятельности			
Разводненная прибыль на акцию:			
от продолжающейся деятельности			
от прекращенной деятельности			

Руководитель: Ким Ю.М.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)

Главный бухгалтер: Загребельный А.И.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)

Место печати

Көрші елдегі қандастарымыз ана тілін үйренуде

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының тілдерді оқытудың облыстық орталығы мен Челябин облысы Ноғайбақ муниципальдық ауданының әкімшілігі, осы өңірдегі "Азамат" қазақ қоғамдық орталығымен бірлесіп отырып шекаралық қарым-қатынас бағдарламасы төңірегінде Челябин облысының Фершампенуаз ауылында ұлты қазақ мұғалімдерге арналған "Ана тілін дамыту мен оқытудағы кейбір мәселелер" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Аталған шараға Челябин, Троицк қалалары мен Брединский, Чесменский, Агаповский, Ноғайбақ аудандарынан арнайы келген қандастарымыз қатысты.

Басқосуды басқарған Ноғайбақ муниципальдық ауданының басшысы Қайырбек Сейлов мұғалімдерге жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар "Азамат" қазақ қоғамдық орталығының төрағасы Ситиков Қанат құттықтауын жеткізді. Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Бахытгүл Сүлейменова дөңгелек үстелдің негізгі мақсаттарының бірі – тіл үйренушінің бұрынғы алған лексикалық білімдерін бірізділігімен жалғастырып, оларды белсенді түрде



қолданысқа енгізу төңірегінде сөз қозғады. Ал, Қостанай облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Гүлнар Маратқызы "Қазақ тілін оқытуда этнопедагогика элементтерін тиімді пайдалану жолдары" тақырыбында баяндама жасап, сабақтардан үзінді көрсетті.

Челябі облысындағы бес ауданның бесінші жыл қатарынан мемлекеттік тілімізді меңгеріп жатқанын айта кеткен абзал. Биылғы жылдан бастап,

қазақ тілін үйретушілерге еңбекақы төлене бастады. Игі шараға мұрындық болып отырған "Азамат" қазақ қоғамдық орталығы Челябин облысы қазақтарының рухани, мәдени және іскери үйлестіру орны болып табылады. "Азамат" орталығында қанша адам бар деп кесіп айту қиын. Челябин облысында қанша қазақ болса, соның барлығы да осы қоғамның мүшесі деп айтуға болады.

Ж. ТӨКЕНҰЛЫ.

"Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" ММ (110000, Қостанай қаласы, Қасымқанов көшесі, 34, 203 кабинет, анықтамалық телефоны: 50-11-87, электрондық мекенжай: trud_inspektor.kostanay@mail.ru) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" ММ еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің бас маманы – Қостанай облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы, Д-О-4 санаты, лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 64 063 – 86 485 теңге аралығында.

Қызметтік міндеттері: Зерттеулер мен тексерулер арқылы шетелдік жұмыс күшін тартудың нормалары мен ережелерін сақтауға бақылау жасаумен қоса жұмыс берушілермен басқа да нормативтік құқықтық актілерді және Еңбек кодексінің шаруашылық және меншік нысанына қарамалы сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес берілген объектілері бойынша заңнаманы бұзушыларға құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау. Ұйымдар мен азаматтардың еңбек қатынасы мәселелері жөніндегі арыздарын заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімінде қарау мен олар бойынша шаралар қабылдау. Еңбек қатынасы мәселесі бойынша ұйым жұмыстары мен халық арасында түсініктеме жұмыстарын жүргізу. Өндірістегі кәсіби аурулар мен жазатайым жағдайларды есепке алу мен талдау, өз уақытында тексеруді қамтамасыз ету. Еңбек заңнамаларын бұзушылықтарды ескерту бойынша жұмысты күшейтуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жөнінде шараларды әзірлеу мен қабылдау. Жүктелген лауазымдық міндеттемелерге сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары техникалық, заңгерлік, экономикалық, ортадан кейінгі білімі техникалық, заңгерлік, экономикалық білімімен де жабдырылған. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініші;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтамa;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі). Көрсетілген құжаттар "Қостанай

облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" ММ (Қостанай қаласы, Қасымқанов көшесі, 34, 203 кабинет) конкурсты өткізу туралы хабарламаны жариялау күнінен кейін 10 жұмыс күні ішінде ұсынылуы керек.

Конкурстық комиссияның қарастырылуына азаматтармен мерзімінде қолма-қол немесе пошта бойынша берілген (қоса беріліп отырған құжаттар көрсетілуімен мұқабаға салынған) құжаттар қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін электрондық пошта бойынша құжаттарды тапсырған азаматтар құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталуына дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны әңгімелесуге жіберу туралы хабарландыру күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы" ММ жөніндегі еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

